



*Осы аударма ресми аударма
болып табылмайды*

**"АСТАНА" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА**

10 мамыр 2024 жыл

№: AIFC-C/CFI/2024/0015 ic

«iKapitalist Ltd» Жеке Компаниясы

Талапкер

қарсы

- (1) «ABN ALYANS» ЖШС,**
- (2) Нұрлан Рысбеков,**
- (3) Базарқұл Айдаров**

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:
Мәртебелі Лорд Фолкс КС



ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2024 жылғы 3 мамырдағы талап арыз нысанына сәйкес Талапкер осы соттан 2024 жылғы 4 наурыздағы Халықаралық Төрелік Орталығының төрағасы Томас Крюммель мырзаның № 39/2023 ХТО ісі бойынша 2023 жылғы 7 желтоқсандағы хатымен тағайындалған жылғыз арбитр Снежана Куценко ханымның жасаған ХТО шешімінің VII тармағы бойынша қойылған шараларды тану және орындау туралы бұйрық беру жөніндегі өтінішпен сотқа жүгінді.
2. Төрелік шешімімен танысқаннан кейін, мен арыз негізделген деген пікірге келдім. Осы арқылы БҰЙЫРАМЫН:

«ABN ALYANS» ЖШС БИН 190340018634, мырза Нурлан Рыспеков ИИН 670520350498, мырза Базарқұл Айдаров ИИН 700118301797 есебінен Жеке компания «iKapitalist Ltd» БИН 191140900129 пайдасына 191 163 659 (жүз тоқсан бір миллион жүз алпыс үш мың алты жүз елу тоғыз) теңге (398 756,4 \$), есеп беру міндеттемесін орындамауға байланысты айыппұл ретінде 146 300 (жүз қырық алты мың үш жүз) теңге (\$305,1), өкілдің қызметтерін төлеуге кеткен шығын ретінде 2 000 000 (екі миллион) теңге (\$4171,8), арбитрдың ақысына кеткен шығын ретінде 1 000 000 (бір миллион) теңге (\$2 085,9) өндірілсін.
3. Талапкерлерге осы Бұйрық берілген сәттен бастап 14 күннің ішінде осы Бұйрықтың күшін жою туралы арыз беру құқығы беріледі.
4. Бұл бұйрық, қайсысы кейінірек орын алатынына қарай, (a) жоғарыда 3-тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін немесе (b) талапкердің осы мерзім ішінде берілген кез-келген арызы түпкілікті қанағаттандырылғанға дейін орындалмайды.

Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Фолкс КС
Судья, АХҚО соты



Өкілдік:

Талапкерді «Benefits & Partners» заң фирмасының директоры, Данияр Ниязғұлов мырза өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.

Жауапкерлер атынан өкілдік етілген жоқ.